

Білім беру саласындағы пилоттық ұлттық жобаны іске асыру кезінде бюджеттің атқарылу рәсімдерін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 27 маусымдағы № 150 бұйрығы

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі 101-бабының 8-тармағына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Білім беру саласындағы пилоттық ұлттық жобаны іске асыру кезінде бюджеттің атқарылу рәсімдері бекітілісін.

2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Инвестициялық саясат және инфрақұрылымды дамыту департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты бес жұмыс күн ішінде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

2) осы бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрі

Г. Бейсембаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Стратегиялық жоспарлау және

реформалар агенттігі

Ұлттық статистика бюросы

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрі
2025 жылғы 27 маусымдағы
№ 150 бұйрығымен
бекітілген

Білім беру саласындағы пилоттық ұлттық жобаны іске асыру кезінде бюджеттің атқарылу рәсімдері

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Білім беру саласындағы пилоттық ұлттық жобаны іске асыру кезінде бюджеттің атқарылу рәсімдері (бұдан әрі – Рәсімдер) Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 101-бабының 8-тармағына сәйкес әзірленді және "Жайлы мектеп" білім беру саласындағы пилоттық ұлттық жобасын іске асыру кезінде бюджеттің атқарылу рәсімдерін көздейді.

2. Осы Рәсімдерде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) Ұлттық жоба – "Жайлы мектеп" білім беру саласындағы пилоттық ұлттық жоба (бұдан әрі – Ұлттық жоба);

2) Дирекция – тапсырыс берушінің және жобаны басқарудың функциялары берілген Ұлттық жобада (бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыру бойынша) көзделген жұмыстардың, қызметтердің кешенін жүзеге асыратын "Samruk-Kazyna Construction" акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Дирекция);

3) орта білім беру ұйымының объектісі – Ұлттық жобаның талаптарына сәйкес келетін "орта білім беру ұйымының объектісі" немесе "мектеп" нысаналы мақсаты бар тұрғын емес ғимарат (бұдан әрі – Объект).

2-тарау. Білім беру саласындағы пилоттық ұлттық жобаны іске асыру кезінде бюджеттің атқарылу рәсімі

3. Құзыретінің шегінде тиісті аумақта жергілікті мемлекеттік басқаруды және өзін-өзі басқаруды жүзеге асыратын облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімі басқаратын жергілікті атқарушы органға (бұдан әрі – ЖАО) аударатын республикалық бюджеттік бағдарламаның әкімшісі болып табылатын білім беру саласындағы орталық уәкілетті орган (бұдан әрі – РББӘ) Ұлттық жоба шеңберінде Объектілерді салуға бөлінген республикалық бюджеттен нысаналы даму трансферттері және (немесе) Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансфертті (бұдан әрі – НДТ) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттеріне нысаналы даму трансферттері бекітілген бөлінуге және тиісті республикалық бюджеттік бағдарлама бойынша қаржыландыру жоспарына сәйкес жүргізеді.

4. ЖАО атынан сәулет, қала құрылысы, құрылыс саласындағы жергілікті мемлекеттік басқару функцияларын жүзеге асыратын жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі (бұдан әрі – ЖББӘ) тиісті жергілікті бюджеттік бағдарлама /кіші бағдарлама бойынша 431 "Жаңа объектілер салу және қолда бар объектілерді реконструкциялау" шығыстарының экономикалық сыныптамасының ерекшелігі

бойынша Ұлттық жоба шеңберінде іске асырылатын жобалар бойынша бюджет қаражаттарын аударады.

5. Бөлінген НДТ сомаларын игеруді ЖББӘ және Дирекция Ұлттық жобаға сәйкес жүргізеді.

6. ЖББӘ Дирекциямен:

1) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі 22-тарауының және Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі 33-тарауының (Ерекше бөлім) нормаларына сәйкес Ұлттық жоба шеңберінде Объектілерді салу бойынша жұмыстар (жобалау - іздестіру жұмыстары, құрылыс-монтаждау жұмыстары) және қызметтер (авторлық және техникалық қадағалау) кешенін жүзеге асыруға арналған шарт (бұдан әрі – Құрылысқа арналған шарт);

2) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі 22-тарауының және Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі 33-тарауының (Ерекше бөлім) нормаларына сәйкес жобаны басқару жөніндегі қызметтерді жүзеге асыруға арналған шарт (бұдан әрі – Басқаруға арналған шарт) жасайды.

7. ЖББӘ мемлекеттік қазынашылық органдарына Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 30 мамырдағы № 272 бұйрығымен бекітілген 2025 қаржы жылына арналған бюджетті атқару және оған кассалық қызмет көрсету қағидаларының (бұдан әрі – № 272 Қағида) 80-қосымшасы нысаны бойынша Құрылысқа арналған шартты және Басқаруға арналған шартты тіркеуге өтінімдерді беріп, № 272 Қағидаларының 77-қосымшасына сәйкес нысан бойынша мемлекеттік мекемелердің азаматтық-құқықтық мәмілесін тіркеуге өтінімдер тізілімімен қоса бере отырып қағаз жеткізгіштерде екі данада (әрқайсысы) шарттардың (қосымша келісімдердің) түпнұсқалары мен көшірмелерін енгізеді.

Бұл ретте тіркелген шарттың (қосымша келісімнің) қағаз жеткізгіштегі көшірмесі мемлекеттік қазынашылық органында қалады.

ЖББӘ осы тармақта көрсетілген құжаттардың түпнұсқаларынан сканерленген бейнелерін қоса бере отырып № 272 Қағидаға сәйкес нысан бойынша ЖББӘ басшысының және бас бухгалтерінің электрондық-цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) қолдары қойылған өтінімнің электрондық бейнесін "Қазынашылық-клиент" ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – "Қазынашылық-клиент" АЖ) бойынша қалыптастырады.

8. ЖББӘ осы Рәсімдердің 1 және 2-қосымшаларына сәйкес Дирекцияның жұмыстар мен қызметтер кешенін көрсетуді жүзеге асыруға арналған өтінімдері негізінде Құрылысқа арналған шарт және Басқаруға арналған шарт бойынша бюджет қаражаттарын аударады.

9. ЖББӘ Дирекциядан қаржыландыруға өтінім келіп түскен күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде ЖББӘ-ның мемлекеттік қазынашылық органына төлем шотын және Дирекцияның өтінімін ұсынып тиісті бюджеттік бағдарламасы бойынша бекітілген

төлемдер бойынша қаржыландыру жоспары шегінде мәлімделген бюджет қаражаты көлемін аударуды жүзеге асырады.

10. ЖББӨ:

1) мемлекеттік қазынашылық органында ашылған Дирекцияның қолма-қол ақшаны бақылау шотына (бұдан әрі – ҚБШ) Ұлттық жоба шеңберінде Объектілерді салу бойынша жұмыстар (жобалау-іздістіру жұмыстары, құрылыс-монтаждау жұмыстары) және қызметтер (авторлық және техникалық қадағалау) кешенін орындағаны үшін Құрылысқа арналған шарт бойынша;

2) Дирекцияның екінші деңгейдегі банктегі немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдағы шотына Басқаруға арналған шарт бойынша бюджет қаражатын аударды.

11. Пайдалануға берілген Объектілер бойынша бюджет қаражаты үнемделген кезде Дирекция Объектіні қабылдау-тапсыру актісіне Дирекция мен ЖАО қолдары қойылған кезден бастап он жұмыс күні ішінде ЖББӨ-ның ҚБШ-сына үнемделген сомаларды қайтарады.

12. ЖББӨ Қазақстан Республикасының бюджет бюджет заңнамасында белгіленген мерзімдерде Дирекциядан түскен үнемделген сомаларды республикалық бюджетке қайтаруды қамтамасыз етеді.

13. Дирекция ЖББӨ Дирекцияның объектілерді салу барысын мониторингтеу жөніндегі ақпараттық жүйесі арқылы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 19 наурыздағы № 229 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10795 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 229 Қағидалар) Тапсырыс берушінің (құрылыс салушының) қызметін ұйымдастыру және функцияларын жүзеге асыру қағидаларының 3 немесе 3-1, 4 немесе 4-1-қосымшаларына сәйкес нысандар бойынша орындалған жұмыстардың актілерін (сканерленген форматта) қоса бере отырып, осы Рәсімдердің 3 және 4-қосымшаларында көзделген нысандар бойынша Құрылысқа арналған шартта және Басқаруға арналған шартта көзделген нақты орындалған жұмыстар мен пайдаланылған қаражаттар бойынша есепті және қабылданған жұмыстардың тізбесін жартыжылдықта бір рет, кезеңнен кейінгі айдың 5-күнінен кешіктірмей, ұсынады.

14. ЖАО жартыжылдықта бір рет, есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-күнінен кешіктірмей, осы Рәсімдердің 5-қосымшасында көзделген нысан бойынша НДТ игерілуі туралы есепті ЖББӨ-не ұсынады.

15. Дирекция осы Рәсімдердің 6-қосымшасына сәйкес нысан бойынша Объектілер құрылысының барысы мен нәтижелері туралы жартыжылдық және жылдық есептерді есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-күнінен кешіктірмей РББӨ-не ұсынады.

3-тарау. Дирекцияның қызмет көрсету рәсімі, кодын беру және Дирекцияның қолма-қол ақшаны бақылау шоты

16. Дирекцияға қызмет көрсету Ұлттық жоба шеңберінде Объектілерді салуға бағытталған іс-шараларды іске асыру мақсатында ҚБШ түсетін түсімдердің толық және уақтылы есепке алынуын және төлемдер мен ақша аударымдарының уақтылы жүзеге асырылуын қамтамасыз ету арқылы көрсетіледі.

17. Дирекцияға қызмет көрсету кассалық негізде жүзеге асырылады. Дирекцияның ҚБШ түсетін түсімдерін есепке алу және оларды есептен шығару жөніндегі операциялар ақшалай нысанда есепке алынады.

18. Дирекцияның ҚБШ кодын беру және ашу № 272 Қағидалардың 7-тарауының 3-параграфы талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

19. Дирекцияның дерекнамасын қалыптастыру № 272 Қағидалардың 4-тарауының 5-параграфы талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

20. Дирекцияның кодын және ҚБШ жабу № 272 Қағидалардың 4-тарауының 8-параграфы талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

4-тарау. Дирекцияның қолма-қол ақшаны бақылау шотын жүргізу, бюджеттік рәсімдердің кассалық орындалуы

21. Мемлекеттік қазынашылық органы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген Дирекцияның ҚБШ жүргізу ҚБШ төлемдер мен ақша аударымдарын, есептерді қалыптастыруды және ұсынуды қамтиды.

Ағымдағы қаржы жылының 1 қаңтарына Дирекцияның ҚБШ пайдаланылмаған ақша қалдықтарының болуына рұқсат беріледі.

Тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеуден Дирекцияның ҚБШ есепке алынған қаражат тиісті бюджеттің кірісіне аударылуға жатады.

22. Дирекцияның ҚБШ жүргізуді аумақтық белгілері бойынша мемлекеттік қазынашылық органдары жүзеге асырады.

23. Дирекцияның басшысы, сондай-ақ Дирекцияның басшысы уәкілеттік еткен тұлға Дирекцияның ҚБШ ақшаға иелік етуші болып табылады.

24. Дирекцияның ҚБШ ақша қозғалысы бойынша және "Қолма-қол ақшаны бақылау шотынан үзінді көшірме" 5-20 нысаны бойынша шығыстар жөніндегі есептерді Дирекция "Қазынашылық-клиент" АЖ арқылы Бюджеттің қазынашылық атқарылуы және оларға кассалық қызмет көрсету рәсімдеріне сәйкес дербес қалыптастырады.

Дирекцияның ҚБШ ақша қозғалысы бойынша және "Қолма-қол ақшаны бақылау шотынан үзінді көшірме" 5-20 нысаны бойынша шығыстар жөніндегі есептерді Дирекция "Қазынашылық-клиент" АЖ арқылы № 272 Қағидаларының 54-қосымшасына сәйкес дербес қалыптастырады.

5-тарау. Дирекцияның қолма-қол ақшаны бақылау шотынан жұмыстар мен қызметтер үшін төлемдер мен ақша аударымдарын жүзеге асыру рәсімі

25. Дирекцияның ҚБШ-сы Ұлттық жоба шеңберінде Объектілерді салу бойынша жұмыстар (жобалау-іздістіру жұмыстары, құрылыс-монтаждау жұмыстары) мен қызметтер кешенін (авторлық және техникалық қадағалау) орындау үшін бюджет ақшасын есепке алу және оларды Дирекцияның пайдалануымен байланысты операцияларын есепке алуға арналған.

Дирекцияның төлемдері мен ақша аударымдары Дирекцияның ҚБШ ақша қалдықтары шегінде Қазақстан Республикасының банк заңнамасында белгіленген нысан бойынша Дирекцияның төлем тапсырмасын қалыптастыру жолымен жүргізіледі.

Төлем тапсырмасын толтыру кезінде "Төлем тапсырмасының №" жолында Дирекцияның жеті таңбалы кодынан тұратын төлем мен ақша аудару жүзеге асырылатын ағымдағы қаржы жылының соңғы екі санның бөлшек сызығы арқылы, дефис арқылы – төлеуге берілетін шоттарды тіркеу журналындағы жазбаның реттік нөміріне сәйкес келетін реттік нөмірінен тұратын төлеуге берілетін шоттың нөмірі көрсетіледі.

"Төлем мақсаты" деген жолда: аванстық төлемді қоспағанда, төлемнің мақсаты, құжаттың атауы, нөмірі және күні (орындалған құрылыс жұмыстарының құны мен шығындары туралы анықтама), оның негізінде орындалған жұмыстарға, көрсетілген қызметтерге ақы төлеу жүзеге асырылатын электрондық шот-фактура көрсетіледі. Бұл ретте төлем тапсырмасы растайтын құжаттың күнінен ерте қалыптастырылмайды.

26. Дирекция Қазақстан Республикасы Бюджет кодексіне сәйкес:

- 1) төлем тапсырмаларын табыс етудің заңдылығы мен негізділігін;
- 2) төлем тапсырмаларында көрсетілген деректемелердің дұрыстығын; ақша алушының пайдасына төлемдерді жүзеге асыру жөніндегі міндеттемелердің уақтылы және толық орындалуын;
- 3) жасалған операциялардың дұрыстығын;
- 4) мемлекеттік қазынашылық органына төлемінің негізділігін растайтын құжаттарды ұсынуды қамтамасыз етеді.

"Қазынашылық-клиент" АЖ бойынша қызмет көрсету кезінде Дирекция басшысының және (немесе) Дирекция басшысы уәкілеттік берген өзге де тұлғалардың, сондай-ақ Дирекцияның бухгалтерлік есебін жүргізу жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын Дирекцияның құрылымдық бөлімшесі басшысының және (немесе) Дирекция басшысы уәкілеттік берген өзге де тұлғалардың ЭЦҚ қойылған төлемнің негізділігін растайтын құжаттардың түпнұсқадан сканерленген нұсқасы қоса ұсынылады;

5) "Қазынашылық-клиент" АЖ пайдалану кезінде Дирекцияның осы дерекнамасына басшының және екінші қол қоюға уәкілетті жеке тұлғаның ЭЦҚ дұрыстығын қамтамасыз етеді.

27. Барлық жасалған шарттар бойынша Дирекцияның шотында қажетті қаражат болған жағдайда тиісті қаржы жылына бөлінген ақшалай қаражаттан 50 (елу) пайыздан аспайтын мөлшерде аванстық (алдын ала) төлеуге жол беріледі.

28. Ұлттық жоба шеңберінде Объектілерді салу бойынша жұмыстар (жобалау-іздірету жұмыстары, құрылыс-монтаждау жұмыстары) мен қызметтер (авторлық және техникалық қадағалау) кешенін орындағаны үшін төлемдер мен ақша аударымдарын жүргізу үшін Дирекция мемлекеттік қазынашылық органына " Қазынашылық-клиент" АЖ бойынша электрондық түрде:

1) төлем тапсырмасын;

2) электрондық шот-фактура;

3) № 229 Қағидаларға 4 немесе 4-1-қосымшаларда көзделген нысандар бойынша орындалған құрылыс жұмыстарының құны және шығындар туралы анықтаманы (сканерленген форматта) ұсынады.

29. Төлемдер мен ақша аударымдарын жүргізу үшін Дирекция мемлекеттік қазынашылық органына "Қазынашылық-клиент" АЖ бойынша электрондық түрде төлем тапсырмасын:

осы Рәсімдердің 11-тармағында көзделген тәртіппен пайдалануға берілген Объектілер бойынша бюджет қаражатынан үнемделген қаражат бюджетке қайтарылған ;

Дирекцияның ҚБШ-на түскен тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеуден түскен қаражатты тиісті бюджет кірісіне аударылған жағдайларда ұсынады.

30. Интеграцияланған қазынашылық ақпараттық жүйеде (бұдан әрі – ИҚАЖ) ақша алушы болмаған кезде Дирекция "Қазынашылық-клиент" АЖ бойынша ақша алушыны № 272 Қағидаларының 64-қосымшасына сәйкес ақша алушылардың анықтамалығына енгізуге өтінімді электрондық түрде ұсынады.

ИҚАЖ ақша алушының деректемелері болмаған кезде Дирекция № 272 Қағидаларының 67-қосымшасына сәйкес ақша алушының деректемелеріне өзгерістер енгізуге арналған өтінімді "Қазынашылық-клиент" АЖ бойынша электрондық түрде ұсынады.

Дирекция ақша алушыны енгізуге және ақша алушының деректемелеріне өзгерістер енгізу өтінімнің дұрыстығын, дұрыс ресімделуін және жасалуын қамтамасыз етеді.

31. Мемлекеттік қазынашылық органы "Қазынашылық-клиент" АЖ бойынша Дирекциядан төлем тапсырмаларын электрондық түрде қабылдауды жүзеге асырады.

Мемлекеттік қазынашылық органы Дирекцияның ҚБШ төлемдер жүргізу кезінде:

1) аванстық төлемдерді қоспағанда, төлемнің негізділігін растайтын құжаттардың: электрондық шот-фактураның, орындалған құрылыс жұмыстарының құны мен шығындары туралы анықтаманың (сканерленген форматта) болуына;

2) нысанды толтырудың толықтығы мен дұрыстығы бойынша Қазақстан Республикасының банк заңнамасының талаптарына сәйкестігіне арналған төлем тапсырмаларын тексеруге негізделген ағымдағы бақылауды жүзеге асырады.

32. "Қазынашылық-клиент" АЖ бойынша электрондық түрде келіп түскен төлем тапсырма мемлекеттік қазынашылық органымен оны қабылдаған күннен кейінгі күннен бастап бір жұмыс күні ішінде орындалады немесе орындаусыз қайтарылады.

"Қазынашылық-клиент" АЖ бойынша электрондық түрде келіп түскен төлем тапсырмасы Дирекцияға мына жайдайларда:

Дирекцияның ҚБШ-сында ақшалай қаражат болмаған немесе жеткіліксіз болғанда;
қажетті өрістерде қолдар және/немесе мөр бедері болмағанда;

құжаттың барлық даналарында талап етілетін өрістерге мөр бедері анық (түсініксіз) қойылмағанда;

соманың сандары сомаға жазбаша сәйкес келмегенде;

төлем тапсырмасында көрсетілген бағдарламалық тексеруге жататын деректемелер ИҚАЖ енгізілген деректемелерге сәйкес келмегенде;

осы Рәсімдердің 28-тармағының 3) тармақшасына сәйкес (сканерленген форматта) растайтын құжаттардың (орындалған құрылыс жұмыстарының құны және шығындар туралы анықтама, электрондық шот-фактура) деректеріне төлем тапсырмасында көрсетілген төлем мақсаты сәйкес келмегенде;

растаушы құжатқа сілтеме болмағанда;

төлем тапсырмасының сомасы растаушы құжат сомасынан асып кеткенде;

төлем тапсырмасының нөмірі қайталанғанда;

Қазақстан Республикасының банк заңнамасын бұза отырып төлем тапсырмасындағы міндетті жолдар толтырылғанда;

төлем мақсаты бюджет түсімдері сыныптамасының кодына сәйкес келмегенде (төлемдерді бюджетке аудару кезінде) орындаусыз қайтарылады.

"Қазынашылық-клиент" АЖ бойынша электрондық түрде келіп түскен төлем тапсырмасындағы деректер қабылдау және одан әрі өңдеу кезеңінде жоғарыда аталған талаптарға сәйкес келмеген жағдайда, төлем тапсырмасы осы Рәсімдердің тиісті тармақтарына сілтеме жасай отырып, ауытқу себебін көрсете отырып, Дирекцияға қайтарылады.

6-тарау. Жобаны басқаруға төлемдер мен ақша аударымдарын жүзеге асыру рәсімі

33. Басқаруға арналған шарт бойынша төлемдер мен ақша аударымдарын ЖББӘ тиісті қаржы жылына арналған қаржыландыру жоспары шегінде екінші деңгейдегі банктегі Дирекцияның немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның шотына Қазақстан Республикасының банк заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырады.

34. ЖББӘ осы Рәсімдердің 9 және 10-тармақтарында көзделген тәртіппен төлемдер мен ақша аударымдарын жүзеге асырады.

2025 жылғы 27 маусымдағы
№ 150 Білім беру саласындағы
пилоттық ұлттық жобаны іске
асыру кезінде бюджеттің
атқарылуы рәсімдеріне
1-қосымша

(төмен тұрған бюджеттің
бюджеттік бағдарламасы
әкімшісінің атауын көрсету)

202 ___ жылғы " ___ " _____ № ___ жұмыстар кешенін іске асыруға арналған өтінім

| | |
|---|---|
| Алушы: | "Samruk-Kazyna Construction" АҚ |
| Алушының деректемелері: | |
| Құрылыс бойынша жұмыстар (жобалау-іздістіру жұмыстары, құрылыс-монтаждау жұмыстары) және қызметтер (авторлық және техникалық қадағалау) кешенін жүзеге асыруға арналған шарт | Номер және күні |
| Құрылыс бойынша жұмыстар кешенін (жобалау-іздістіру жұмыстары, құрылыс-монтаждау жұмыстары) және қызметтерді (авторлық және техникалық қадағалау) жүзеге асыруға жасалған шарттың жалпы сомасы | Санмен және сөзбен |
| Қаржыландыруға арналған сома | Санмен және сөзбен |
| Соманың нысаналы мақсаты | "Жайлы мектеп" білім беру саласындағы пилоттық ұлттық жоба шеңберінде "кілтпен" орта білім беру объектілерінің нысаналы құрылысы бойынша жұмыстар, қызметтер кешенін жүзеге асыру |

"Samruk-Kazyna Construction" АҚ бірінші басшысы _____
(немесе оның уәкілетті тұлғасы) (тегі, аты-жөні, қолы)
Мөр орны

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрі
2025 жылғы 27 маусымдағы
№ 150 Білім беру саласындағы
пилоттық ұлттық жобаны іске
асыру кезінде бюджеттің
атқарылуы рәсімдеріне
2-қосымша

(төмен тұрған бюджеттің
бюджеттік бағдарламасы
әкімшісінің атауын көрсету)

202 ___ жылғы " ___ " _____ № ___ қызмет көрсетуге өтінім

| | |
|-------------------------|---------------------------------|
| Алушы: | "Samruk-Kazyna Construction" АҚ |
| Алушының деректемелері: | |
| | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|----|----|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|----|----|

Ескертпе:

Әкімшілік деректерді жинауға арналған "Нақты орындалған жұмыстар мен пайдаланылған қаражаттың есебі" нысанын толтыру бойынша түсініктеме осы нысанның қосымшасында келтірілген.

Атауы _____ Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық почта мекенжайы _____

Орындаушы _____

(тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы, телефон)

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы

Мөрдiң орны

"Нақты орындалған жұмыстар
мен пайдаланылған қаражаттың
есебі" әкімшілік деректерді
өтеусіз негізде жинауға
арналған нысанға
қосымша

"Нақты орындалған жұмыстар мен пайдаланылған қаражаттың есебі" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме

Индекс: 1 – (Білім беру инфрақұрылымы бойынша есеп)

Жиілігі: жартыжылдық

1 тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме "Нақты орындалған жұмыстар мен пайдаланылған қаражаттың есебі" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысанды "Samruk-Kazyna Construction" АҚ толтырады.

3. Нысан жартыжылдықта бір рет, есепті кезеңнен кейінгі айдың 5-күнінен кешіктірілмей беріледі.

4. Нысан қазақ және орыс тілдерінде толтырылады.

5. Құндық мәндегі барлық көрсеткіштер ондық таңбасыз мың теңгемен толтырылады.

6. Есепке "Samruk-Kazyna Construction" АҚ бірінші басшы қол қояды. Есеп облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органына электрондық нұсқада ұсынылады.

2 тарау. Нысанды толтыру бойынша түсініктеме

7. 1 -бағанда реттік нөмірі көрсетіледі;
 8. 2 -бағанда мектеп құрылысы бойынша объектінің атауы көрсетіледі;
 9. 3 -бағанда мектеп құрылысы бойынша объектінің орналасқан жері көрсетіледі;
 10. 4 -бағанда мектеп құрылысы бойынша жобаның жобалық қуаты көрсетіледі;
 11. 5 -бағанда жобалау ұйымының атауы көрсетіледі;
 12. 6 -бағанда жобалау ұйымының БСН көрсетіледі;
 13. 7 -бағанда жобалау ұйымы лицензиясының № көрсетіледі;
 14. 8 -бағанда жобалауға арналған шарттың күні мен нөмірі көрсетіледі;
 15. 9 –бағанда шарт бойынша құны (сандармен және жазумен) теңгемен көрсетіледі;
 16. 10 -бағанда жобалау-іздігіру жұмыстарының ПИР бөлімдері бойынша, орындау (%) көрсетіледі;
 17. 11 -бағанда жобалау-іздігіру жұмыстарының нормативтік ұзақтығы (ай) көрсетіледі;
 18. 12 -бағанда жобалау-іздігіру жұмыстарының нақты ұзақтығы (ай) көрсетіледі;
 19. 13-бағанда жобалау-сметалық құжаттамаға ведомстводан тыс сараптаманың кешенді оң қорытындысы (берілген күні, №) (жобалау-сметалық құжаттаманы түзету кезінде де көрсету) көрсетіледі;
 20. 14-бағанда құрылыстың жалпы сметалық құны (сандармен және жазумен) теңгемен (жобалау-сметалық құжаттаманы түзету кезінде түзетілген соманы да көрсету) көрсетіледі;
- 2-ші тарауда:
21. 1 -бағанда реттік нөмірі көрсетіледі;
 22. 2 -бағанда мектеп құрылысы бойынша объектінің атауы көрсетіледі;
 23. 3 -бағанда мектеп құрылысы бойынша объектінің орналасқан жері көрсетіледі;
 24. 4 -бағанда мектеп құрылысы бойынша жобаның жобалық қуаты көрсетіледі;
 25. 5-бағанда бас мердігердің атауы, БСН, лицензия № көрсетіледі;
 26. 6-бағанда мердігерлік шарт (күні мен нөмірі) көрсетіледі;
 27. 7-бағанда мердігерлік шарт бойынша құны (сандармен және жазумен) теңгемен көрсетіледі;
 28. 8-бағанда март бойынша құрылыс мерзімі (ай) көрсетіледі;
 29. 9-бағанда құрылыс-монтаждау жұмыстарына хабарламаның күні мен нөмірі көрсетіледі;
 30. 10-бағанда техникалық қадағалаудың атауы, БСН, лицензия № көрсетіледі;
 31. 11-бағанда техникалық қадағалау шарты (күні мен нөмірі) көрсетіледі;
 32. 12-бағанда техникалық қадағалау құны (сандармен және жазумен) теңгемен көрсетіледі;
 33. 13-бағанда авторлық қадағалаудың атауы, БСН, лицензия № көрсетіледі;

34. 14-бағанда авторлық қадағалау шарты (күні мен нөмірі) көрсетіледі;

35. 15-бағанда авторлық қадағалау құны (сандармен және жазумен) теңге көрсетіледі;

3-ші тарауда:

36. 1 -бағанда реттік нөмірі көрсетіледі;

37. 2 -бағанда мектеп құрылысы бойынша объектінің атауы көрсетіледі;

38. 3 -бағанда мектеп құрылысы бойынша объектінің орналасқан жері көрсетіледі;

39. 4 -бағанда мектеп құрылысы бойынша жобаның жобалық қуаты көрсетіледі;

40. 5-бағанда құрылыс-монтаждау жұмыстарының % (барлығы) көрсетіледі;

41. 6-бағанда жер жұмыстарын орындаудың % көрсетіледі;

42. 7-бағанда іргетас бойынша жұмыстарды орындау % көрсетіледі;

43. 8-бағанда нөлден жоғары ғимараттың құрылымдық элементтердің (бағаналар, ригельдер, аркалықтар, едендер, қалау және т.б.) орындалу % көрсетіледі;

44. 9-бағанда жер учаскесі шекарасының басынан бастап сыртқы желілерді мектеп ғимаратына орнату % көрсетіледі;

45. 10-бағанда баспалдақ маршын орнату % көрсетіледі;

46. 11-бағанда шатыр орнату % көрсетіледі;

47. 12-бағанда ішкі электрмен жабдықтау желілерін орнату % көрсетіледі;

48. 13-бағанда ішкі су құбыры желілерін орнату % көрсетіледі;

49. 14-бағанда ішкі кәріз желілерін орнату % көрсетіледі;

50. 15-бағанда ішкі газбен жабдықтау желілерін (бар болса) орнату % көрсетіледі;

51. 16-бағанда жылу торабын орнату % көрсетіледі;

52. 17-бағанда ішкі жылыту желілерін орнату % көрсетіледі;

53. 18-бағанда желдету (кондиционерлеу) орнату % көрсетіледі;

54. 19-бағанда сыртқы терезелер мен витраждарды орнату % көрсетіледі;

55. 20-бағанда ішкі әрлеу жұмыстарын жүргізу % көрсетіледі;

56. 21-бағанда лифт орнату % көрсетіледі;

57. 22-бағанда есік блоктарын орнату % көрсетіледі;

58. 23-бағанда төмен ток желілерін % орнату % көрсетіледі;

59. 24-бағанда санфаянс орнату % көрсетіледі;

60. 25-бағанда жиһаз орнату % көрсетіледі;

61. 26-бағанда ТХ орналастыру % көрсетіледі;

62. 27-бағанда сыртқы қасбеттік жұмыстар % көрсетіледі;

63. 28-бағанда абаттандыру % көрсетіледі;

4-ші тарауды:

64. 1 -бағанда реттік нөмірі көрсетіледі;

65. 2 -бағанда мектеп құрылысы бойынша объектінің атауы көрсетіледі;

66. 3 -бағанда мектеп құрылысы бойынша объектінің орналасқан жері көрсетіледі;

67. 4 -бағанда мектеп құрылысы бойынша жобаның жобалық қуаты көрсетіледі;

| | | | | | | | | | | |
|----------|------------------|----------------------------|--------------|--|---------------------------------|--|---------------------------------------|------------------------------------|--|-----------------------------------|
| Реттік № | Объектінің атауы | Объектінің орналасқан жері | Жобалық қуат | Жобалау ұйымы (атауы, БСН, лицензия №) | Жобалау шарты (күні мен нөмірі) | Шарт бойынша құны (сандармен және жазумен) теңге | Бас мердігер (атауы, БСН, лицензия №) | Мердігерлік шарт (күні мен нөмірі) | шарт бойынша құны (сандармен және жазумен) теңге | Шарт бойынша құрылыс мерзімі (ай) |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 |

2-ші бөлім. Орындалған жұмыстар бойынша мәліметтер

| Реттік № | Орындалған жұмыстардың қабылданған актілері бойынша мәліметтер | | | | |
|----------|--|------|-------------------|---------------|---------|
| | Акт № | Күні | Сомасы (теңгемен) | Жұмыстың түрі | Ескерту |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |

Белгіленген нысандар бойынша орындалған жұмыстардың актілері қоса беріледі
Ескертпе:

Әкімшілік деректерді жинауға арналған "Объектіні жобалау және салу бойынша орындалған жұмыстардың қабылданған актілерінің тізбесі" нысанын толтыру бойынша түсініктеме осы нысанның қосымшасында келтірілген.

Атауы _____ Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық почта мекенжайы _____

Орындаушы _____

(тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы, телефон)

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы

Мөрдің орны

"Объектіні жобалау және салу бойынша орындалған жұмыстардың қабылданған актілерінің тізбесі" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанға қосымша

"Объектіні жобалау және салу бойынша орындалған жұмыстардың қабылданған актілерінің тізбесі" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме

Индекс: 2 – (Білім беру инфрақұрылымы бойынша есеп)

Жиілігі: жартыжылдық

1 тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме "Объектіні жобалау және салу бойынша орындалған жұмыстардың қабылданған актілерінің тізбесі" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысанды "Samruk-Kazyna Construction" АҚ толтырады.

3. Нысан жартыжылдықта бір рет, есепті кезеңнен кейінгі айдың 5-күнінен кешіктірілмей беріледі.

4. Нысан қазақ және орыс тілдерінде толтырылады.

5. Есепке "Samruk-Kazyna Construction" АҚ бірінші басшы қол қояды. Есеп облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органына электрондық нұсқада ұсынылады.

2 тарау. Нысанды толтыру бойынша түсініктеме

6. 1 -бағанда реттік нөмірі көрсетіледі;

7. 2 -бағанда мектеп құрылысы бойынша объектінің атауы көрсетіледі;

8. 3 -бағанда мектеп құрылысы бойынша объектінің орналасқан жері көрсетіледі;

9. 4 -бағанда мектеп құрылысы бойынша жобаның жобалық қуаты көрсетіледі;

10. 5 -бағанда жобалау ұйымының атауы, БСН, лицензиясының № көрсетіледі;

11. 6 -бағанда жобалауға арналған шарттың күні мен нөмірі көрсетіледі;

12. 7 –бағанда шарт бойынша құны (сандармен және жазумен) теңгемен көрсетіледі;

13. 8-бағанда бас мердігердің атауы, БСН, лицензия № көрсетіледі;

14. 9-бағанда мердігерлік шарттың күні мен нөмірі көрсетіледі;

15. 10-бағанда мердігерлік шарт бойынша құны (сандармен және жазумен) теңгемен көрсетіледі;

16. 11-бағанда шарт бойынша құрылыс мерзімі (ай) көрсетіледі;

2-ші тарауда:

17. 1-бағанда реттік нөмірі көрсетіледі;

18. 2 -бағанда орындалған жұмыстардың акт № көрсетіледі;

19. 3 -бағанда орындалған жұмыстардың акт күні көрсетіледі;

20. 4 -бағанда орындалған жұмыстардың актісі бойынша сомасы (теңгемен) көрсетіледі;

21. 5-бағанда орындалған жұмыстардың актісі бойынша жұмыстың түрі көрсетіледі;

22. 6 -бағанда ескерту (бар болса) көрсетіледі..

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрі
2025 жылғы 27 маусымдағы
№ 150 Білім беру саласындағы
пилоттық ұлттық жобаны іске
асыру кезінде бюджеттің
атқарылуы рәсімдеріне
5-қосымша

| | | | | | | | | | | | | | |
|-------|--|------------|---------------------|---------------------|---------------------|----------------------|----------------------|----------------------|----------------------|---|---|--|--|
